

«Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?»

Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын бекіту; пішіндер атауын білу, үйрену; 4 үшбұрыштан үйшік құрастыра білу (шаршыдан жасалған), салыстыру; ұзындықтарын ажырату.

Ұзын құлақты,

Қысқа құйрықты

Сәбіз-оның сүйікті асы

Секендейді ұқыпты.

(Қоян)

Әңгімелеу. Бүгін бізге жүгіріп қоян келді. Ол өте қатты тоңып қалыпты және сендерден өздерінде бар (4 үшбұрыштан) пішіндерден кішкентай үйшік жасап беруін сұрайды. Қане, ендеше балалар, қоянға көмектесейік.